

Оңтүстік корей баспасөзінің қалыптасу кезеңдері мен дамуы

Д.Т. Көптілеуова*, М. Асылбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*E-mail: dina0028@mail.ru

Түйін. Мақала Оңтүстік Кореяның баспасөзі мен оның даму кезеңдеріне арналған. Баспасөз қоғамды нығайтуда үлкен рөл атқарғандықтан, қоғамның айнасы болып табылады.

Бүгінгі таңдағы баспасөзге деген қажеттілік тамақ пен киімге деген қажеттілікпен парапар. Баспасөз қоғамды нығайтуда үлкен рөл атқарады, ол – қоғамның айнасы. Баспасөз әлем жаңалықтарынан хабардар болуға көмектеседі. Баспасөздің мақсаты – ақпарат беру, сауаттандыру және адамдардың көңіл күйін көтеру. Ақпаратсыз қоғамның өмірі толыққанды болмас еді. АҚШ-тың іргетасын қалаған президенттердің бірі Томас Джефферсон өзінің бір сөзінде: «Тәуелсіз баспасөзі жоқ мемлекетке қарағанда, мемлекеті жоқ тәуелсіз баспасөздің болғаны артық», – деген [1]. Баспасөз – мерзімсіз және мерзімді басылымдардың жиынтығы. Ол халық арасында әртүрлі ақпараттар тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастыруға, саяси жұмыстар жүргізуге, мемлекеттің, әлеуметтік топтардың немесе жекелеген тұлғалардың мүдделі мұраттарын танытуға қызмет етеді. Мерзімсіз басылымдарға кітаптар, кітапшалар, плакаттар, күнтізбелер жатады. Оның ең негізгі әрі көне түрі – кітап. Кітап басу ісі VIII-IX ғасырларда Қытайда басталды. Мерзімді баспасөзге тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар, кемінде жарты жылда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, олардың қосымшалары жатады. Олар шығармашылық-өндірістік үдерістердің ұйымдастырылу ерекшеліктеріне, тақырыптық-мазмұндық бағыттарына, әкімшілік-аумақтық бөлініс деңгейлеріне, оқырмандар аудиториясының сипатына орай бірнеше түрлерге жіктеледі. Мерзімді баспасөздің ең негізгі әрі көне түрлерінің бірі – газет. Қағаз өндірісінің дамып, полиграфиялық технологияның бастапқы тәсілдерінің жетілдірілуіне байланысты Батыс Еуропада: Гер-

манияда – 1609 жылы, Ұлыбританияда – 1622 жылы, Францияда – 1631 жылы алғашқы газеттер шыға бастады [2, 436].

Оңтүстік Кореяның алғашқы газеті Хансунг Сунбо (한속 순보) Чосон¹ (조선) дәуірінің аяғында шықты. Сол кезде ресми типография болған Пакмункук (박문국) атты баспа үйінде басып шығарылған. Алғашқы газет ханджа² (한자) тілінде басылып, 10 күнде бір рет шығарылды. Хансунг Сунбо жергілікті және шетел жаңалықтарын қатар басып отырды. Сол арқылы жергілікті халықты барлық жаңалықтармен сауатын арттырды. Индепендент (The Independent) атты газет Кореядағы жеке кәсіпкерлік корей тілінде шығарылған тұңғыш мерзімді басылым болды. Со Джэ Пил газеттің басшысы газетті екі түрде: хангыль³ (한글) және ағылшын тілінде шығарды. Газет халықты сауаттандырып, қоғамдық ой-пікірдің қалыптастыруында көп еңбек сіңірді. 1980 жылдардан кейін Корей баспасөзіне көбірек еркіндік берілді. Қазіргі уақытта ірі негізгі газеттер екі топқа бөлінеді, бірі консервативтік пікірді ұстанады. Екіншісі либералды пікірді қолдайды. Төменде осы екі топқа енетін газеттердің ең негізгілері көрсетілген:

¹ Чосон (조선) – Ли династиясы деген атпен де белгілі. Корей елінің соңғы әулеті. 1392-1897 жылдар аралығында билік еткен.

² Ханджа (한자) – корей жазба мәтінінде қолданылатын қытай иероглифтері. Қытай тілінен шыққан сөздердің мағынасын анықтау үшін қолданылады. Корей тілінің лексикасының жартысы ханджадан тұрады.

³ Хангыль (한글) – Корей елінің алфавитінің атауы. XV ғасырда құрастырылған.

Консервативті пікірді ұстанатын газеттер:

| Газет атауы | Құрылған жылы |
|------------------------|------------------------------|
| 조선일보 (Чосон ильбо) | 1920 жылы құрылып, 1945 жылы |
| 동아일보 (Донга ильбо) | 1920 жылы құрылды, 1945 жылы |
| 중앙일보 (Джунг Анг ильбо) | 1965 жылы құрылды. |

Либералды пікірді ұстанатын газеттер:

| Газет атауы | Құрылған жылы |
|------------------------|------------------------------|
| 한국일보 (Хангук ильбо) | 1954 жылы құрылды |
| 경향신문 (Кенгхянг синмун) | 1946 жылы құрылды, 1960 жылы |
| 한겨레 (Ханкере) | 1988 жылы құрылды |

Оңтүстік Корея баспасөзі өзін беделді, ашық әрі күшті ұйым ретінде көрсетеді. Бұл мінез баспасөздің енді құрылып, дамуы барысында қалыптасқан. Себебі баспасөздің құрылу мақсаты халықты сауаттандыру, жаналықтардан хабардар ету болатын.

1910 жылы Жапония Корея мемлекетін отарлап алғаннан кейін, бұл апталық баспалар өздерін педагогтар мен тәуелсіздік үшін күресушілер деп жариялап, Жапон үкіметінің әрбір іс-әрекетін қатаң сынап отырды. Қатаң сынға ұшыраған Жапон үкіметі баспасөздің жұмысын тоқтатудың түрлі әрекеттерін қарастырды. Көп газеттердің жұмыстарын жарияланған «ашы» мақалаларынан кейін уақытша және белгісіз уақытқа тоқтатып отырды.

1948 жылы Корея тәуелсіздігін алғаннан кейін газеттердің жұмысы қайта жанданды. Сол қиынқыстау кездеріндегі корей баспасөзінің «батылдық» дәстүрі қазіргі кездегі баспасөзде де жалғасын тапты. Қазіргі үкіметке, қабылданып жатқан реформаларға деген сыни көзқарастар бүгінгі корей газеттерінің беттерінен де көруге болады.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен Корея Республикасы арасындағы қатынастар тәуелсіздік алғаннан кейін де біраз қиындықтарды бастан өткізе отырып қалыптасты. Бір жағынан, бұл қиындықтарды орын алған АҚШ-тың әскери бақылау жағдайында баспасөзді қатаң бақылауға алу керек деген әкімшіліктің бұйрығымен, екінші жағынан, бұқаралық ақпарат құралдарының басқа қаржылық-өндірістік топтарға тиесілі болып, олардың өз мүдделерін қорғап қалуға тырысқандығымен түсіндіруге болады.

2001 жылы президент Ким Дэ Чжун өзінің әкімшілігіне маңызды мәселе ретінде «бұқаралық ақпарат құралдарының қайта құрылуы» жөніндегі тапсырмасын ұсынған болатын. Қайта құрылудың негізгі мақсаты бұқаралық ақпарат құралдарының

иелері мен редакциялық коллегияның арасындағы қызметтердегі шектетуді алып тастау, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының таралуы мен қаржылық есеп беру саласын бақылауға алу болатын.

Орталық бұқаралық ақпарат құралдарының қаржылық есеп бөлімінде Ұлттық салық қызметкерлері қатаң тексеріс жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде Сеулдегі салық қызметінің басшысы астаналық 23 бұқаралық ақпарат құралынан, оның ішінде 17 газет, 5 телерадиокомпания, 1 ақпараттық агенттіктен 505,6 миллиард вон (388 миллион АҚШ доллар) көлемінде айыппұл төлеуін талап етті. Сеул қаласының прокуратурасына 6 газеттің басшыларының салық төлеуден жалтарғанын, сонымен қатар 3 газеттің иелері мен отбасы мүшелерінің табысты жасырғандығын растайтын құжаттар тапсырылған болатын [3].

Оппозиция мүшелерінің мәлімдеуі бойынша, Корея Республикасының әкімшілігінің мұндай қатаң әрекеті баспасөз беттерінде үнемі үкіметтің іс-әрекеттерінің нәтижесін қатаң сынға алғандығының себебінен бұқаралық ақпарат құралдарына қысым көрсету мақсатында жасаған әрекеті болатын.

Мемлекеттің келесі президенті Но Му Хен 2007 жылы тамыз айынан бастап БАҚ-қа қатысты жаңа ережелердің енгізілгенін жариялады, бұл журналистердің ақпаратты алу мүмкіндігін шектейтіндігі жөніндегі ережелер еді. Бірақ бұл жаңалық журналистердің, жетекші саяси партиялардың, оның ішінде президенттік партиялардың қатаң сынына ұшырады.

Жаңа ережелердің негізі ретінде Оңтүстік Корея үкіметінің бұқаралық ақпарат құралын ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесінің бағдарламасы алынды. Осыған сәйкес журналистер қауымына мемлекеттік мекемелерге еркін кіріп-шығуға және санкцияланбаған негізде мемлекеттік қызметкер-

лерден сұхбат алуға тыйым салынды. Баспасөзге Министрлікте болған 37 орталықтың орнына 3 үлкен баспасөз орталығы берілді [4].

Сонымен қатар шенеуніктермен сұхбат-тасқысы келген журналистер ағы-жөні, қызметі, сұхбат уақыты, қойылатын сұрақтар тізімі бар арнайы құжатты толтыруы тиіс. Баспасөз қызметі ведомствосының қызметкері толтырылған құжатнаманы мақұлдаған болса ғана журналист сұхбат жүргізе алады. Бірақ сұхбат біткеннен кейін журналист жазған мақаласының көшірмесін қалдырып кетуі тиіс. Барлығы құпталғаннан кейін ғана мақаланы басып шығаруға болады.

Президент Но Му Хеннің бұл әрекетінің себебі оппозициялық баспасөз құралдарының оның жасаған әрбір әрекетін қатаң сынға алғандығы болып табылады.

Корей Республикасының қайта сайланған президенті Ли Мен Пак баспасөзге және бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты заңдарды қайта қарастыруды қолға алды. Өзінің Газет Күніне 52 жыл толуына байланысты сөйлеген сөзінде президент Ли Мен Пак бұқаралық ақпарат құралдарына, әсіресе баспасөз бен телевизияның дамуына «баспасөзге деген қатынастың достық саясаты» арқылы қолдау көрсететіндігін айтты. Оның осы сөзі баспасөзге қатысты заңдарды өзгертуі сөз бостандығын қамтамасыз ету үшін жасалған әрекеті ретінде қабылданды.

Корей баспасөзі және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының өндірісі Оңтүстік Кореяның саяси қарқынды дамуы мен қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Ішкі нарықты бақылайтын зиялы қауым бұқаралық ақпарат құралдарының ақпарат алуына, шетелге шығып тәжірибе жинауына қаржылай көмек көрсетіп отырады. Қазіргі тәуелсіз мемлекетте баспасөзді қыспаққа алу, сөз бостандығын шектеу, цензура, журналистерді қудалау деген сияқты өрескелдіктерге жол жоқ. Оның барлығы тарих іздерімен артта қалған. Қазіргі Корея баспасөзі өзінің кәсіби дамуына үлкен мүмкіндіктері бар еркін, беделді институттардың қатарына қосылды.

Оңтүстік Корей халқы корей тілінде ғана сөйлейді және олар бір нәсілді ұлтқа жағайды. Олардың арасындағы айырмашылық аймаққа байланысты диалектінің қолданылуы болып табылады. Халықтың 97 пайызы сауатты. Күнделікті газетке айлық жазылудың абоненттік төлемі 8 АҚШ долларын құрайды, бұл баға – барлық аймақтағы оқырмандарға қолжетімді баға. Кореяның ірі бұқаралық ақпарат құралдарының орталықтары Сеул қаласында орналасқан. Себебі Сеул Кореяның бизнес, экономика, білім, мәдениет пен өнер, транспорт орталығы, мұнда халықтың төрттен бір бөлігі шоғырланған. 24 пайызы Сеулдің жақын аймақтарындағы провинцияларда мекен еткен. Кореяда жалпы мазмұндағы ұлттық ірі газеттердің саны он, көбі таңғы газеттер және олардың барлығы, негізінен, Сеулде құрылған. Аталған ұлттық газеттер күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қозғайды. Олардағы жаңалықтарды теледидар да қолданады [5].

Жаңалықтардан хабардар болу – жаһандану заманының талабы. Ақпаратты білу, саралау, зерттеу, сынау – бәсекелестікке қабілеттілікті арттырудың жолы. Бәсекеге сай болу – дамудың көрсеткіші. Сондықтан да баспасөз құралдарының адам өмірінде алатын орны ерекше. Баспасөзсіз қоғамның алға қарай дамуы мүмкін емес. Баспасөз – қоғамның бір бөлігі. Тәуелсіз баспасөздің болуы – жарқын болашақтың кепілі.

Әдебиеттер

1. The press and its role in development. Regional, Analysis, 1/25/2000. “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы, Қазақ энциклопедиясының редакциясы, 1998 жыл, 10 томдық.
2. Ким Г.Н. Республика Корея. Научно-информационный справочник. Сеул: Корейская служба информации для зарубежных стран, 1993.
3. Kim, Chie-woon, and Jae-won Lee, eds. *Elite Media amidst Mass Culture: A Critical Look at Mass Communication in Korea*. Seoul: Nanam, 1994.
4. <http://mediaSIS.kpf.or.kr>

Д.Т. Коптилеуова, М. Асылбекова
Развитие и этапы становления прессы Южной Кореи

Статья посвящена прессе Южной Кореи и пути ее становления и развития. Пресса играет большую роль в укреплении общества, пресса – это зеркало общества.

D.T. Koptileuova, M. Assylbekova
Development and stages of formation of press in south korea

This article is devoted to the South Korea's press and its development ways. The press is playing an outstanding role in strengthening the society, it's a mirror of the society.